

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Адилбеков Райымбек Әлібекұлы

«Метрополитен щиттерін қою кезіндегі геодезиялық жұмыстар»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Метрополитен щиттерін қою кезіндегі геодезиялық жұмыстар»

5B071100 – «Геодезия және картография» мамандығы


Орындаған

Адилбеков Р.Ө.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің PhD,
доцент ма



Сарыбаев Е.С.

техн.ғылым.докторы,
профессор

Байгурын Ж.Д.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

5B071100- Геодезия және картография



БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі, PhD

Орынбасарова Э.О.

2022 ж.

Дипломдық жұмысты орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Адилбеков Райымбек Әлібекұлы.

Тақырыбы: «Метрополитен щиттерін құру кезіндегі геодезиялық жұмыстар»

Университет Ректорының 2021 жылғы "24" 12 489-П/Ө-6 бұйрығымен бекітілген.

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі: « » ____ 2022 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: ЖОО қабырғасынан алған теориялық материалдар мен тәжірибеден өту барысында жинақталған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: инженерлік-геодезиялық, геодезиялық жұмыстар, арнайы бөлім, еңбек қорғау.



Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген): инженерлік-геодезиялық жұмыстар туралы ақпарат, топографиялық түсіріс, AutoCAD CIVIL 3D бағдарламасында көлемді есептеу, бөлу жұмыстары.


Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 1. Нұрпеисова М.Б. Геодезия. Алматы, «Эверо» баспаханасы, 2005. 2. ҚР ЕЖ 1.02-101-2014 Құрылысқа арналған инженерлік-геодезиялық іздеулер. Негізгі ережелер. 3. Инженерлік геодезия: Оқулық. /Т. Тұяқбаев, С. Солтабаева, Ж. Нукарбекова, Ы. Жақыпбек. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2013. – 320 бет.


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Геодезиялық бөлім	13.04.2022	-
Арнайы бөлім	27.04.2022	-

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жұмысының
бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Геодезиялық бөлім	Байгурин Ж.Д. техн.ғылым.докторы, профессор	13.04.2022	
Арнайы бөлім	Байгурин Ж.Д. техн.ғылым.докторы, профессор	27.04.2022	
Қалып бақылаушы	Шакиева Г.С. т.ғ.м, лектор	27.05.2022	

Ғылыми жетекшісі  Байгурин Ж.Д.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Адилбеков Р.Ә.

Күні «__» _____ 2022 ж.

АҢДАТПА

Менің дипломдық жұмысымда Алматы қаласының метрополитені құрылысын геодезиялық қамтамасыз ету жұмыстар көрсетіледі.

Сонымен қатар Алматы метрополитені туралы жалпы мағлұмат, ол жердің геологиясы, қазіргі таңдағы тау-кен техникалық жағдайы, сонымен қатар сол жерде атқарылатын геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар туралы мәліметтермен толықтырыла түскен.

Арнайы бөлімінде тау-кен қазбаларына бағыт беру, тау - кен қазбаларына горизонталь жазықтықта бағыт беру, тау - кен қазбаларына вертикаль жазықтықта бағыт беру, жер асты нысанын салу дәлдігі, бағыттағы қателерді талдау, сызықтық және бұрыштық өлшеулер, өлшеу қателіктері және түрлері қарастырылады, ол өндірісте үлкен маңызы бар тақырып.

АННОТАЦИЯ

В моей дипломной работе будут отражены работы по геодезическому обеспечению строительства метрополитена города Алматы.

Кроме того, общие сведения о алматинском метрополитене, его геологии, современном горно-техническом состоянии, а также геодезических и маркшейдерских работах.

В специальном разделе рассматриваются направление горных выработок, направление горных выработок в горизонтальной плоскости, направление горных выработок в вертикальной плоскости, точность построения подземного объекта, анализ ошибок в направлении, линейные и угловые измерения, погрешности измерений и типы, которые имеют большое значение в производстве.

ANNOTATION

My dissertation deals with the geodetic support of the construction of the Almaty metro.

In addition, the general information about the Almaty Metro is supplemented with information about the geology of the land, the current mining and technical condition, as well as geodesic and surveying works carried out there.

In the special section, the direction of mining workings, the direction of mining workings in the horizontal plane, the direction of mining workings in the vertical plane, the accuracy of the construction of an underground object, the analysis of errors in the direction, linear and angular measurements, measurement errors and types are considered, which is a topic of great importance in production.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	Алматы метрополитен аймағының геологиялық сипаттамасы мен жер асты құрылыстары туралы жалпы мәлімет	10
1.1	Алматы метрополитен аймағының геологиялық жағдайы	10
1.1.1	Геологиялық құрылымы	10
1.1.2	Құрылыс алаңының физикалық - географиялық жағдайлары	12
1.1.3	Климаты	12
1.1.4	Гидрогеологиялық жағдайлар сипаттамасы	12
1.1.5	Инженерлік – геологиялық жағдайлар	13
1.2	Метрополитен құрылысы жұмыстары	13
1.2.1	Оздыру үңгірлерін жүргізу технологиясы	13
1.2.2	Эскалаторлық үңгірлермен мен бекеттер құрылысының технологиясы	14
1.2.2.1	Эскалаторлық кешендерді тұрғызу	14
1.2.2.2	Бекетті озба бекітпемен тұрғызу технологиясы	16
2	Негізгі бөлім. Құрылыс жұмыстарын геодезиялық және маркшейдерлік қамтамасыз ету	18
2.1	Геодезиялық жұмыстар	18
2.1.1	Жалпы мағлұматтар	18
2.1.2	Рекогносцировка және торап пункттерін құру	19
2.1.3	Сызықтық және бұрыштық өлшеулер, нәтижелерді тексеру	20
2.1.4	Метрополитен құрылысы кезіндегі жер бетіндегі геодезиялық жұмыстарды қазіргі заманғы аспаптармен қамтамасыз ету	22
2.1.5	Нивелирлеу	22
2.1.6	Топографиялық түсіріс	23
2.1.7	Полигонометрия	24
2.2	Жобаланған метрополитен аймағындағы маркшейдерлік жұмыстар	25
2.2.1	Біріктіргіш үшбұрыштар арқылы тоннелдерге бағыт беру	25
2.2.2	Биіктік шамасын беру кезіндегі өндіріс алаңындағы маркшейдерлік жұмыстар	28
2.2.3	Метрополитен құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстарды қазіргі заманғы аспаптармен қамтамасыз ету ерекшеліктері	32
2.2.4	Жер асты қазбаларына бағыт беру	34
2.2.5	Щитті тоннельдер әдісті құрылысындағы геодезия – маркшейдерлік жұмыстар	36
3	Метрополитен бекеттерінде атқарылған геодезиялық жұмыстар	40
3.1	Сызықтық және бұрыштық өлшеулер, нәтижелерді тексеру	40
3.2	Сақиналардың эллиптілігін анықтау	41
3.3	Жобада және профилде щиттің анықталуы	42
	ҚОРЫТЫНДЫ	43
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	44

КІРІСПЕ

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасының ең үлкен қалаларының бірі болып саналады, сол себептен, оның экологиялық жағдайы мен қала ішіндегі тасымалдау процессінің бірыңғайлылығы үшін бірінші кезекті метрополитенін салуға тура келді.

Алматы қаласындағы бірінші кезекті метрополитені құламалы жазықтықтың шығарылым конусының қиырындағы кіші Алматы өзені, Весновка және үлкен Алматы өзенінің өзен аралығындағы орналасқан. Жазықтығының ауытқуы: солтүстікке қарай 5 – 7 градус, батысқа қарай 2 – 3 градусқа тең болып келеді.

Метрополитеннің бірінші кезегінің бағыты солтүстіктен оңтүстікке қарай бағыт алып жатыр. Ол Райымбек даңғылынан Н.Назарбаев көшесін бойлай жүріп, шығыстан батысқа қарай Абай даңғылынан Б.Момышұлы көшесіне дейін жол алып жатыр.

Салынатын желінің тікелей депоға алып баратын жолының ұзындығы 8,3 км – ге тең. Станция саны он бір: Райымбек, Жібек – жолы, Алмалы, Абай, Байқоңыр, М.Әуезов, және Алатау, Сайран, Мәскеу, Сарыарқа, Момышұлы станциясы. Осы депломдық жобада Сарыарқа және Момышұлы станциясы қарастырылады.

Терең аумақтарда жүргізілетін метрополитен станциясының құрылыс жұмыстары жобалық түрде жүріп жатыр және метро салынуының ең қиын жұмыстарына жатады[1].

Еліміздегі қаржы орталығы болып отырған Алматы қаласында, халықтың тығыз орналасуына байланысты, әлі де қоғамдық транспорттар жеткіліксіз. Жолдарда әр уақытта көлік кептелістері орын алуда, ауаға көмірқышқыл газы көп тарауда, бұл қала экологиясының нашарлауына әкеп соқты. Сондықтанда Метрополитенді салу арқылы экономикалық жағдайы мен қала ішіндегі тасмалдауды бірыңғайлы ету маңызды мәселе болып отыр.

1 Алматы метрополитен аймағының геологиялық сипаттамасы мен жер асты құрылыстары туралы жалпы мәлімет

1.1 Алматы метрополитен аймағының геологиялық жағдайы

Алматы қаласында метроның құрылысы 1988 жылы басталды және қазіргі уақытта жұмысты "Алматы метро құрылыс" ашық акционерлік қоғам жүргізіп жатыр[2].

"Райымбек" – станциясы, "Жібек – Жолы" станциясының, "Алмалы" станциясының сол жақты қайта айдау туннелі: "Алмалы" станциясының – ылди жүрісі, "Жібек-Жолы" станциясының ылди жүрісі, "Алмалы" станциясының сонымен қатар "Байқоныр" станциясының (1-сурет).



1 Сурет – Шолу картасы

1.1.1 Геологиялық құрылымы

Ауданның геологиялық құрылымына палеозойдан осы заманға дейінгі әртүрлі жастағы шөгінділер кіреді. Палеозой шөгінділер 2000 м тереңдікте жатыр. Ол карбонның эффузивті шөгінді қабатынан тұрады. Палеозойды қызыл түсті құмырадан, саздардан, аргилиттерден, құмтастармен қабатталған

мергелдерден және әк тастардан тұратын палеоген-неогенді жастағы көлді шөгінділердің қалың қабатты жабады.


Палеоген-неогенді шөгінділер 400 – 500 м. Борпылдақ төрттік шөгінділермен жабылған. Жеке бөлікшелерде дөңбектаскесекті шөгінділер кездеседі.

Аудан тектоника тау аралық ойпат түрінде болып келген. Үзілме тектоника каледон кезеңінде түзілген. Алматы және Боралдай жүйелерінің жарылымдары жанасатын жерінде ойпат құрылым жағынан тектоникалық сынаға сәйкес келеді (2-сурет). Қала сыртындағы палеозой жік қабаты жарылымдардың күрделі жүйесімен бөлінген. Жоғарғы борпылдақ жабынында тау жыныстардың ығысулары байқалады[3].



2 Сурет - Геологиялық карта

Ғылыми-зерттеу және жобалы конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін қорыту негізінде Алматы қаласының территориясы сейсмикалық аудандау күші бойынша сейсмикалық активтілігі 9 және одан да жоғары баллды екі ауданнан тұрады (3-сурет).



3 Сурет - Геологиялық қимасы

Ғылыми-зерттеу және жобалы конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін қорыту негізінде Алматы қаласының территориясы сейсмикалық

аудандау күші бойынша сейсмикалық активтілігі 9 және одан да жоғары баллды екі ауданнан тұрады.

Сейсмикалық 9 баллды бірінші аудан мына шекаралардан тұрады:

Солтүстікте – Райымбек даңғылы, шығыста – кіші Алматы өзені, оңтүстікте – төменгі тау бөктері, батыста – қаланың Боралдай шегі.

Бұл аудан қойтасты – малтатасты шөгінділердің дамуымен сипатталады. Гидрогеологиялық жағдайлар бойынша аудан тасымалдау аймағына жатады.

1.1.2 Құрылыс алаңының физикалық - географиялық жағдайлары

Бірінші реттен метрополитен құрылыс аудандары Іле Алатауының солтүстігінде орналасқан, кіші және үлкен Алматы өзендерінің ағып өту аумағында.

Соңғы жылдары Алматы қаласында тұрғын үй құрылысы қарқынды дамуда, әдеуір үлкен тұрғындық массивтер соғылуда, қалада жеңіл, тамақ өндірістері жақсы дамыған. Алматы қаласының батыс пен шығыс жақ беткейлерінде ұзынан жатқан ауылдарды көруге болады. Аудандарда транспорттық барлық түрі жақсы дамығын (теміржолдың, автотранспорттық, әуелік).

1.1.3 Климаты

Алматы қаласының климаты континентті, тәуліктік және жылдық ауа температурасымен соғуымен және әртүрлі микроделдеуде. Біршама өзгеріс тау массивімен жазықтарда байқалады. Жылдық орташа температурасы $8,7^{\circ}\text{C}$, біршама суық ай қаңтар айы болып саналады, орташа температурасы - $7,9^{\circ}\text{C}$, ең ыстығы шілде айы, орташа температурасы $+23^{\circ}\text{C}$. Қаңтар айының абсолюттік минимумы – 38°C , абсолюттік максимум шілде айына $+42^{\circ}\text{C}$ болып тіркелген.

1.1.4 Гидрогеологиялық жағдайлар сипаттамасы

Жердің гидрогеологиялық жағдайын геологиялық түзілу мен Алматы жерасты суларының кенорнының пайдаланылымының жағдайын анықтайды.

Басты құрылымды – геологиялық шығарылым конусының кенорнындағы ерекшелігі; түзілу жағдайын анықтайтын, сонымен қатар жерасты суларының коллектор көлемі мен формасының түзілуіне себепкер болған папезей фундаментінің ең терең иілу жеріне тәуелділігі болып келеді.

Абай даңғылының бойындағы бөлікшеде метрополитеннің бірінші кезекті құрылысының басталуында 90 – 100 м тереңдіктегі грунтты сулардың деңгейі

метрополитеннің құрылысын салуда едәуір төмен. Ал Абай және Райымбек даңғылдардың арасындағы бөлікшеде Назарбаев көшесі бойымен 100 м-ден 20 м-ге дейін.

1.1.5 Инженерлік – геологиялық жағдайлар

Станцияның барлық құрылыс туннелі үшін инженерлік-геологиялық алғышарттарды нақтылау және рұқсат етілмегендерін анықтау үшін метрополитеннің бірінші кезегінің инженерлік-геологиялық іздестіру жұмыстары жүргізілді. Орналастырылған метро жүйелерінің инженерлік-геологиялық жағдайы салыстырмалы түрде қауіпсіз деп бағаланады. Бұл инженерлік-геологиялық учаскеде қиыршық тасты топырақтардың кең таралғандығына байланысты.


Топырақ жоғарғы қабаттан алынады. Жоғары қаттылыққа байланысты жаңа қабат субстрат қасиеттері. Бетінің сулануы 41,5 – 44,5 м тереңдікте басталады.

1.2 Метрополитен құрлысы жұмыстары


1.2.1 Оздыру үңгірлерін жүргізу технологиясы

Үңгір құрлысындағы еңбек өнімділігін арттырудың, жүргізу жылдамдығын өсірудің және ақырында құрылыстың өзіндік құнын төмендетудің шарттарының бірі болып, ол жұмыстарды кешенді механикаландыру болып табылады (4-сурет).

Олай деп, барлық қолданылатын механизмдер мен жабдықтар, үңгір құрлысының бас жағында шоғырланған, бірегей механикаландырылған кешенге өзара үйлестірілген және үңгір жүргізудегі негізгі жұмыстық үрдістерді механикаландырудың орындалуын түсіну керек. (5-сурет) Механикаландырылған жүргізу кешені барлық негізгі жұмыстық әрекеттерді механикаландыруды қамтамасыз етеді және барынша оларды уақыт бойынша сәйкестендіреді.



4 Сурет - Тоннель забойын ЦН-1С механикаландырылған шитпен игеру



5 Сурет - Тоннель забойын КТ-5,6 механикаландырылған шитпен игеру

Кешенді механикаландыру принципі үңгірді механикаландырылған қалхандармен жүргізгенде барынша толық іске асырылады. Үңгірді механикаландырылған қалхан кешенімен жүргізудегі жұмыстар құрамына жерді өңдеу, безендендіруге алғашқы және бақылау шашыратулар, гидротығыздау жұмыстары кіреді. Уақыт бойынша жерді өңдеу және әкету және безендендіруді құрастыру әрекеттерін үйлестіру үшін механикаландырылған және конвейерлі қалағыштар қарастырылады, олардың іші арқылы еш кедергісіз таспалы конвейер өтеді [4].

Безендіру элементтерін түсіру және оларды қалағышқа беру үшін тельфер пайдаланылады, ол көліктік көпірдің төменгі белдеуіне бекітілген бағыттағыш бойымен жылжиды.

1.2.2 Эскалаторлық үңгірлермен мен бекеттер құрылысның технологиясы


1.2.2.1 Эскалаторлық кешендерді тұрғызу

Эскалаторлы кешен терең жерастында орналасқан эскалаторлық кешенді жербетімен жалғастыруға арналған. Эскалаторлық кешен құрамына келесілер кіреді: 2- эскалаторлық үңгір, 1- кергіш тұғыр, 3- жербетіндегі және 7-жерасты дәліздері, оның төменгі бөлігінде 4- эскалаторлардың машиналық бөлмесі орналасқан. Жерасты дәлізі, тек жербетінде шығу 9- көше асты өтпесі арқылы қарастырылғанда ғана тұрғызылады (6-сурет).

Бекет терең орналасқанда, оның жербетімен жалғасуын эскалаторлардың бір иінімен қамтамасыз ету мүмкін емес жағдайда, эскалаторлардың екі иіні қарастырылады, олар аралық жерасты дәлізі арқылы бірегей кешенге айналады.

Эскалаторлық кешендер тұрғызу бойынша жұмыстар аса күрделілерге және жауаптыларға жатады, бұл бірінші кезекте оларды қала ғимараттары мен құрылыстарына жақын жерде орындауға тура келетіндігіне байланысты. Эскалаторлық кешендерді тұрғызу ерекшеліктеріне үлкен диаметрлі (10,5 метр)


эскалаторлық үңгірдің көлбеу орналасуы жатады. Эскалаторлық үңгір жердің барлық қыртыстарын кесіп өтеді, соның ішінде, әдетте мығым емес сулы қыртыстарды да. әр қыртыс бойынша жүргізу ұзындығы қыртыс қалыңдығынан екі есе артық.



6 Сурет - Эскалаторлық кешен сұлбасы

Эскалаторлық кешендерді тұрғызғанда жұмыстарды ұйымдастырудың екі сұлбасын қолданады; тізбектей және қатар. 6-сурет бойынша алдымен эскалаторлық үңгірді кергіш тұғырды жүргізіп, олардың арасындағы қатынастарды тұрғызады, содан кейін машиналық бөлмемен дәлізді тұрғызады. Жұмыстарды ұйымдастырудың тағы бір варианты мүмкін, онда төменгі эскалаторлық үңгір арқылы, аралық дәлізде қайта тиеу торабын орналастыра жүргізеді. Дайындық жұмыстары: Дайындақ жұмыстарын екі кезеңде орындайды. Бірінші кезең жұмыстарының құрамына құрлыс алаңын бөлу және игеру, мұздатқыш ұңғылар бұрғылау және оларды ұстындармен жабдықтау, мұздату желісін құрастыру және белсенді мұздату, ал жұмыстарды қатар ұйымдастыру сұлбасында – қосымша машиналық бөлме үшін арық қазу үшін дайындық жұмыстары кіреді

Тау-кен кешенін жұмыстарды тізбектей ұйымдастыруда тікелей жербетінде тұрғызады (7-сурет). Эскалаторлық үңгір кенжарындағы жерді шығару симдылығы $1,5 \text{ м}^3$ скиптермен атқарылады, олар торпағы 1560 мм темір жолмен, көтерім машинасы немесе шахтылық сырықпен қозғалады.




7 Сурет - Жер бетіндегі Тау-кен кешенінің сұлбасы

Жерді авто өзі төккіштерге механикалық тиеу үшін үңгір өсі бойынша 2-көлбеу эстакада орнатады, оның соңына стандарт бункерлік секция қояды, 7-бункер үстіне арнайы төгу құрылғысын орнатады, 3- скип, көлбеу эстакада бойымен көтеріліп, автоматты түрде бункер үстінде аударылады, 1- көлбеу эстакадаға көлденең, 5- тельферлік эстакада орналастырады, 4- тельферлік эстакада астынан өтеді. Жербетінде жіңішке торпақты жол қысқа жазық участкаға көшеді, ол эстакада астында тельфер әсер ететін аймаққа дейін орналасқан. Тюбингтасы ғимараттарды түсіру және көтеру үшін, 8- машиналық ғимаратта жүк көтергіштігі 1,5 тонналық он лебедка орнатылған.

1.2.2.2 Бекетті озба бекітпемен тұрғызу технологиясы

Бекетті тұрғызуды алдын ала жүргізілген озу үңгірлерінде, жылжымалы опалубкалар кешені көмегімен 6м кірмелермен күмбез тіреуін тұрғызудан басталды. Әр кірмені бетондау алдында қабырғаларға арматуралық торлар мен толықтыруға элементтер орнатады (8-сурет).

Күмбез тіреуін бетондағаннан кейін және бетон қажетті беріктікке ие болған соң, баластық қатпар төселеді және жүргізгіш бесік пен опалубкаға арналған темір жол құралыстырлады.



8 Сурет - Бекетті озба бекітпемен тұрғызу технологиясының сулбасы

Бекетті тұрғызу екі кемермен экран астындағы қорғаныспен жүргізіледі, ол қиылған ұстындардан “ағымдық цементтеу ”технологиясы бойынша орындалады. Қорғағыш экранды тікелей калоттан тұрғызады, бұл ретте жер цементті ұстындарды безендендірудің жободан тыс қимасында, бекет осіне қатысты 8^0 көлбеулікпен орындайды[5].

Экран жеке секциялардан жасалады, олар бір-бірін 3м қапсырады .

Одан әрі экранның астында жер асты экскаваторының көмегімен калоттау жүргізіледі, ол тек жынысты бұзады, ал өзі төккіштерге тиеу, тиеп –

тасымадағыш машинамен атқарылады. 1м кірме құрайтын жынысты өндіргеннен кейін арнайы пішінді (СВП27) металл аркалар орнатады және қалыңдығы 200 мм фибро шашыратпа бетон бүркеді .

Одан әрі платформа тұрғызу, жол төсеу, безендендіру және басқада жұмыстар атқарылады.

2 Негізгі бөлім. Құрылыс жұмыстарын геодезиялық және маркшейдерлік қамтамасыз ету

2.1 Геодезиялық жұмстар

2.1.1 Жалпы мағлұматтар

Түсірудің қай түрі болмасын, олар алдын – ала жер бетінде бекітілген және өте жоғары дәлдікпен координаталарды (x, y, h) анықталған нүктелерге сүйінеді. Мұндай пункттардың тірек торының пункттері дейді. Кенді байтақ территориямызды толық қамтамасыз ететін тірек пункты жүйесі геодезиялық торлар деп аталады. Инструкция бойынша геодезиялық торлар: мемлекеттік, геодезиялық жиілету және түсіру торлары болып бөлінеді. Алматы қаласындағы метрополитен құрылысында негізгі жобалы геодезиялық бөліну жұмыстары негізіне 1 және 2 – ші разрядты тонельді триангуляция торы қабылданған. Тор 13 пункттен тұрады. Тонельді триангуляцияны қалалық триангуляциямен байланыстыру үшін, торға екі қалалық триангуляция пункттері қосылған. Істелген жұмыстар көлемі 2.1-кестеде көрсетілген. Жұмыс өндірісінде басты құжаттар болып: Құрылыс нормалары және ережелері; Көліктік тоннельдер мен метрополитен құрылысында маркшейдерлік геодезиялық жұмыстарының инструкциясы.

Құрылған сызықты – бұрыштық тор қалалық триангуляция пункттерінде байланысқан. Қалалық тордың дәлдігінің жеткіліксіздігінен қалалық торды тоннельді триангуляция торына бастапқы ретінде алуға болмайды. Сондықтан тонельді триангуляция торын бос деп теңейміз, содан кейін масштабтану жүргізіледі, бағдарлау және тонельді триангуляцияны қозғалту, жағдайлары тиісті өту үшін керек.

2.1 Кесте – Істелген жұмстар көлемі

№	Жұмыстың аты	өлшем бірлігі	саны
1	Қалалық триангуляция пунктерін тексеру	пункт	2
2	Тоннельді триангуляция пункттерін салу	пункт	9
3	Пункттердегі бұрыштарды өлшеу	пункт	13
4	Жақтарының ұзындығын светодалбномермен өлшеу	жақ	34

Бұл шара, метрополитентрасса линияларын жобалау графика-аналитикалық тәсілмен және қалалық топографиялық түсіріс 1:500 материалдарын қолдану үшін жасалған. Масштабтау, бағдарлау және геодезиялық бөліну торын қозғалту негізінде метро трассасының жобалық және нақты орналасуындағы сәйкессіздікті минималға алып келеді.

2.1.2 Рекогносцировка және торап пункттерін құру

Сызықты – бұрыштық тордың пункттерін рекогносцировкалауды орындау келесі негізгі шарттарға байланысты: - олардан метрополитен трассасының анық көрінуі; қалалық триангуляция торының тұрақты байланысы. Онда аз фазалы көру цилиндрде центріңде орналасқан құрылғы бар. Жақтарының минимал ұзындығы – 1,9 км. Жақтың максимал ұзындығы – 7,9 км. Жақтардың ұзындығы өлшеу күндізгі уақытта орындалды. Өлшеу жағдайлары қанағаттандырарлық. Өлшеулер кезінде қала үстіндегі атмосферадағы түгін кедерті болды. Линиялардың ұзындығын горизонтқа келтірудегі зениті бұрыштар Theo 010А теодолитімен өлшенді. Далалық өлшеулердің тексеруі боп, фазалық бұрыштар мен жиіліктердің екі рет өлшегенде сәйкестігі болды. 2.2 – кестеде 1 және 2 разрядты тоннельді триангуляция торының пункттерінің тізімі берілген.

2.2 Кесте - Пункттер тізімі

№№ п/п	Пункт аты	Разряд	Қай пен біріккен	Пункттің орны, адресі
1	АГТ, 3 тип	1	Автовокзал	Алматы - Райымбек
2	АК 4, 1 тип	1	Жаңа	Рысқұлов көш., автокомбинат
3	Аметист, 1 тип	2	Жаңа	ул. Фурманова, 116
4	АСПУ, 1 тип	2	Жаңа	Абай даңғылы, 52
5	Боралдай, 2 тип	1	Боралдай	Солтүстік батыс ауыл
6	ИГД, 1 тип	1	Жаңа	Абай даңғылы, 191
7	Қаратұмсық 2 тип	1	Қаратұмсы	Қалалық трамплиннан 440 метр, топырақ карьері
8	Көктөбе, 1 тип	1	Жаңа	Жоғарғы қабылдау станциясы
9	Орбита, 1 тип	1	Жаңа	Фрунзе көшесі, 28
10	Порт Артур, 2 тип	1	Порт	Мұсылман қорғандарынан тікке қарай 1 км
11	Правда, 1 тип	1	Жаңа	6 – ықшам ауданы, 46
12	Солтүстік, 2 тип	1	Жаңа	Саин көшесі, 2
13	Бақтар, 2 тип	1	-	Саин көшесі, біріккен бақтар аумағ
14	Театр, 1 тип	1	Жаңа	Абай даңғылы, Ауезов атындағы театры

2.1.3 Сызықтық және бұрыштық өлшеулер, нәтижелерді тексеру

Батыс геодезиялық бөліну пункттерінің негізінің бағдарламасына сәйкес сызықтық және бұрыштық әдістерімен анықталуы тиіс (триангуляция және трилатирация әдістері). Сызықтық өлшеулер торда светодальнономермен ЭОС №192450 арқылы өлшенеді. Ол екі толық өлшемде 4 жиілікті қолданып өлшейді.

Светодальнономердің техникалық сипаттамасы:

- бір кескіндеуішпен өлшенетін қашықтық:

күндіз	0 - ден 10 км – ге дейін;
түнде	0 - ден 15 км – ге дейін;
көп мәнділікті шешу әдісі	белгілінген жиілік;
жиілік саны	4;
модуляция жиілігі	54 + 60 мГц;
өлшеу дәлдігі	5 мм + 1 + 2 мм (Дкм);
қолданылатын қуат	80 Вт;
қорек	аккумулятор 12 в;
жинақтық салмағы	120 кг;

Өлшеу жұмыстарын жүргізу алдында жарықсәулелі қашықтық өлшеуіш зерттеледі. Метрогипротранста бақылау базисінде тұрақты құраушы мен жиілік өлшеуіш чз – 24 №209364 модулятордың жұмыс істеу жиіліктері анықталды.

1. Тұрақты құраушы:

$C = -0,586$ (қазық, 7 призмалы кескіндегіш)

$C = -0,602$ (маска, 1 призмалы кескіндегіш)

$C = -0,565$ (қазықсыз, 19 призмалы кескіндегіш)

2. Жиілік өлшеу нәтижелері:

жұмысқа дейін	кейін	
29967350	29967323	
27325046	27325038	$\Delta f = +16 Гц$
26945284	26945273	$\Delta f 1 f = 1:1750000$
29990936	29990920	

Жиіліктердің кетуі мүмкіндігі аз. Жақтардың ұзындығы өлшеу күндізгі уақытта орындалды. Өлшеу жағдайлары қанағаттандырарлық. Өлшеулер кезінде қала үстіндегі атмосферадағы түтін кедерті болды. Линиялардың ұзындығын горизонтқа келтірудегі зениті бұрыштар Theo 010А теодолитімен өлшенді. Далалық өлшеулердің тексеруі боп, фазалық бұрыштар мен жиіліктердің екі рет өлшегенде сәйкестігі болды. Максимал сәйкессіздік фаза айналдырғыштың 0,0050 бөліміне рұқсат етіледі (барлық шкала 1,0000). Айырмашылық үлкен болған кезде, сәйкес жиілікте қайта өлшеулер жүргізілді. Температурасы линияның екі шетінде өлшенді, қысым – светодальнономер тұрған нүктеден өлшенеді. Өлшенетін линияның қарсы шетіндегі қысымның өсуі 13 м/мм тең барилік саты арқылы анықталады

$$\Delta p = \frac{h(i)}{13(i / i)} \quad (2.1)$$

Гаусс – Крюгер проекциясындағы жазықтыққа түзету енгізілген жоқ, себебі ол өте аз болады 2.3 – кестесінде өлшенген линия ұзындығы, белгелер центріне келген және беткейге қатысты $H_0=767,7$ м.

2.3 Кесте - Өлшенген биіктіктер мен ұзындықтар жиындығы

№№ п/п	Линия аты	Линия ұзындығы (м)	№№ п/п	Линия аты	Линия ұзындығы (м)
1	2	3	4	5	6
1	АГТ-Порт Артур	4197,149	18	ИГД-Театр	3594,046
2	- Көктөбе	4431,410	19	- Көктөбе	8252,528
3	- Аметист	1904,866	20	- Қаратұмсық	6032,185
4	- Театр	4257,041	21	-Орбита	3985,380
5	- ИГД	7423,566	22	-Правда	2502,864
6	- АК 4	6055,710	23	- Солтүстік	3088,779
7	АК 4 – Театр	4397,185	24	Қаратұмсық Көктөбе	4137,473
8	- ИГД	3641,726	25	-Орбита	5672,849
9	- Солтүстік	4133,869	26	-Театр	4023,411
10	- Боролдай	7469,245	27	Көктөбе -Порт Артур	3862,921
11	Аметист-Порт Артур	4661,825	28	-Театр	4785,766
12	- Кок Тюбе	3174,870	29	Орбита-Театр	6038,107
13	- Қаратұмсық	5029,413	30	-Правда	2479,054
14	- Театр	2730,145	31	Правда-Северный	3152,276
15	- АСПУ- Көктөбе	5037,283	32	Северный-Театр	6458,387
16	- ИГД	3278,134	33	Бақтар -Орбита	80,409
17	Боралдай-Солтүстік	7898,065	34	Театр-АСПУ	357,812

Өлшенген линияға түзетулер енгізілді:

- горизонтқа алып келу үшін келесі формула бойынша

$$\Delta Sh = -\frac{h^2}{2S} - \frac{h^4}{8S^3}, \quad (2.2)$$

мұндағы $h = S \sin \alpha \times \cos(z + r)$;

r – жердің қисықтығы мен рефракциясына түзету;

$r = -14'' \times S$ (км).

Температура мен қысым кестесінен алынады.

Беткейге қатысты келгені үшін келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta S_H = \frac{H_0 - H_m}{R} \times S, \quad (2.3)$$

мұнда H_m - өлшенетін ұзындықтық орташа белгісі;

S – линия ұзындығы;

R – жердің орташа радиусы (6371 км).

2.1.4 Метрополитен құрылысы кезіндегі жер бетіндегі геодезиялық жұмыстарды қазіргі заманғы аспаптармен қамтамасыз ету

Жербетінде жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен:

- Жер бетіндегі нүктелердің координаттарын белгілі бір жүйеде анықтау;
- Тау-кен кәсіпорындарын жобалау, салу және пайдалану кезінде қажетті әртүрлі өлшеулерді жер бетінде, жер қойнауында, атмосфера қабатында, теңізде және ғарыш кеңістігінде жүргізу;
- Республикамыздың қорғаныс мұқтаждығын геодезиялық мәліметтермен қамтамасыз ету мәселелері жатады[6].

Метрополитендегі жүргізілетін геодезиялық жұмыстар негізінен трасса бойында бағыт беру, жер бетіндегі нивелирлеу болып табылады.

Соған байланысты, қазіргі кезде геодезия ғылымы мен өндірісі үлкен жетістіктерге жетуде. Ғылым мен техниканың даму саласында, бүгінгі таңда, көптеген дәлдігі мен өнімділігі жоғары геодезиялық өлшеу аспаптары яғни, GPS аспабының түр-түрі жасалып шығарылуда.

Метрополитен құрылысына қауіп төндіретін жарықшақтардың шекараларын бақылауға арналған аспаптардың бірі спутниктік бақылау аспаптары. GPS (Global Position System) геодезиялық негіздерді және тірек пунктарын құрудағы ең тиімді аспап болып табылады. GPS көмегімен орындалған геодезиялық өлшеулер дәлдігі, әмбебаптығы, жылдамдығы және үнемділігі, тиімділігімен кеңінен тарады

2.1.5 Нивелирлеу

Геодезиялық пункттердің биіктігін нивелирлеу әдісімен анықтайды.

Маркшейдерлік жұмыстарды жүргізгенде шахта жақын жерде орналасқан тірек пункттерінің болуы өте қажет, алыстығы 300 м аспауы керек.

Нивелирлеу арнайы аспаптың көмегімен пункттер биіктігінің айырмасын, яғни биіктік өсімшесі арқылы пункттердің абсолют биіктіктері H – есептеледі.

Өз кезегінде нивелирлеу геометриялық, тригонометриялық, барометрлік, механикалық – барометрлік болып бөлінеді (9-сурет).

Соңғысын есеп арқылы табуға болады[7].

Тригонометриялық нивелирлеу нәтижесінде тік рефракция өте көп. Соның өлшенген тік бұрыштарға және зениттік арақашықтықтарға тиісті түзетулер кіргізу керек.

Дәлдігі IV класс нивелирлеу теңдігіне тең.

Арақашықтық пен биіктік айырмашылығын шешу жер бетін белгілеуден басталады, яғни бастапқы, соңғы нүктелер бекітіледі.



9 Сурет - 4Н-3КЛ, нивелирі

Рейкалардың биіктік қателігін алдын – ала есептеуді қажет етеді.

Реперлік әр жүрістегі орташа квадраттық қателігі мына формуламен есептелінеді

$$m_i^2 = \eta^2 \cdot L_i + \delta^2 \cdot L_i^2, \quad (2.4)$$

мұндағы η – 1 км жүрістің орташа кездейсоқ қателігі;

δ – 1 км жүрістің орташа жүйесінің қателігі;

L_i – км есебімен алынған жүріс ұзындығы.

2.1.6 Топографиялық түсіріс

Теодолиттік, тахеометрлік және мензулалық түсірістер нетрализация арқылы құрылады. Торлардың тығыздығы түсіріс масштабында, жердің рельефіне тікелей байланысты.

Арақашықтықтарды өлшеу қиынға түсетін жерлерде түсіру және кері қиылыстыру әдістері арқылы геодезиялық төртбұрыштар көмегімен, ал ойлы – қырлы, орманды жерлерде түсіру пункттер арқылы анықталады.

Тахеометриялық әдісті таңдаймыз. Тахеометрлік түсіріс – тахеометр деген аспаппен жүргізіледі. Тахеометр арқылы горизонталь – α , вертикаль бұрыштар, қашықтықтар және биіктік өсімше анықталады (10-сурет).

Тахеометрлік түсірісте жер бетінің топографиялық планы тік және жазық бұрыштарды, сонымен қатар, арақашықтықтарды өлшеу арқылы салынады[8].



10 Сурет - 3Т-30П, Теодолиті

Тахеометрлік түсіріс пункттеріне 1, 2, 3, және 4 кластық, пландық және биіктік торлардың пункттері жатады. Планда горизонтальдар әрбір 2.5 м сайын жүргізіледі. Өлшеулер 3ТА5 тахеометрмен жүргізіледі.

2.1.7 Полигонометрия

Полигонометрияда бұрылу бұрыштары теодолитпен, ал арақашықтықтар болат немесе инвар лентамен өлшенеді. Кейінгі кезде электрооптикалық және радиоактивті қашықтық өлшегіш аспаптардың пайда болуына байланысты геодезиялық торларды бұрыш өлшенбей, тек қана үшбұрыш қабырғалары анықталатын болды. Бұл әдіс трилатерация әдісі деп аталады.

Полигонометриялық 1 разрядты бір жүйелі триангуляциялық 1 разряд және 3 – 4 кластар пункттеріне жалғасып құрылады. Жүрістер ұзындығы 0.5 ÷ 1 км, бір немесе екі түйіндік пункттермен жобаланған. Жақтар ұзындығы СМ – 3 қашықтық өлшегішпен екі қайтара өлшенеді, жақтардың орташа квадраттық қателігі $m_s = 0.01$ м, бұрыштар 2Т2 теодолитпен екі қайтара өлшеп, орташа квадраттық қателігі $m_\beta = \pm 5''$ және барлық өлшеулер электрондық тахеометр 6 – 3ТА5 өлшенеді.

Жүйеге кіретін әрбір жүрістің орташа квадраттық қателігі былай анықталады

$$M^2 = n \cdot m_s^2 + \frac{m_\beta^2}{\rho''} [S]^2 \frac{n+3}{12}. \quad (2.5)$$

Жүрістің салыстырмалы қиылыспаушылығы:

$$\frac{1}{T} = \frac{2M}{S} < \frac{1}{10000}, \quad (2.6)$$

мұндағы: S – жүріс периметрі ;

n – қабырғалар саны ρ'' - 206265".

2.2 Жобаланған метрополитен аймағындағы маркшейдерлік жұмыстар

2.2.1 Біріктіргіш үшбұрыштар арқылы тоннелдерге бағыт беру


Бұл қабысудың ең қарапайым және кең тараған тәсілі (11-сурет).

Далалық жұмыстар Тірек торынан бастап жер үстінде 1 – деңгейлі полигонометриялы шахтаға жүргізіледі де, баған жанына өтпелі С нүктесі қойылады. Есептеудің қортындысында $\alpha_{(CD)}$, x_C , y_C мәні белгілі болады.

Шахтаға үш шартты қанағаттандыратын C' , D' пунктері тіркеледі: олардан салбырлар және тірек пунктері көрінуі тиіс; олар А және В салбырларына жақын орналасуы қажет. Жобада түзілетін қосынды үшбұрыштар жер бетінде және шахтада сүйір бұрышты болуы тиіс. ($\gamma \leq 2-3^\circ$ болғаны маңызды).

Біріктіргіш үшбұрыштардың қабысқан және сүйір бұрыштарын Т15 типтес теодолитпен үш рет, ал Т5, Т12 типтес теодолитпен екі рет қайта-қайта өлшейді және бұрыштың қателігі $15''$ артық болмауы тиіс[8].

Бұрыштардың қателігі үшбұрыштың сүйір қабысу біріктіргіш бұрыштарының өлшенген мәнінен $25''$ -тан артық болмауы тиіс.




11 Сурет - Біріктіргіш бұрыштар арқылы қабырғаларға бағыт беру

Қосалқы бұрыштың қабырғалары a , b , c (жер бетінде), a' , b' , c' (шахта) бес реттен аз емес өлшенбеу керек, әрбір өлшенген мәnniң арасындағы қателігі 2 мм аспауы керек. Жіберілетін мәnnен әр қабырғаның орташа ұзындығын анықтайды.

Камералық жұмыстар Келесі тәртіппен орындалады. Басында келтіру бұрыштарын түзеу жұмыстары орындалған. γ бұрыштың мәні екі рет алынуы мүмкін (12- сурет); тікелей өлшенген мәні және $\gamma = \lambda - \omega$ қателігі бойынша

есептелген мәні. $\Delta \gamma = \gamma_{\text{озг}} - \gamma_{\text{есеп}} \leq 25''$ инструкциясына (ережесіне) сәйкес жүргізіледі.

Бұрыштық түзетуі үш тәсілмен болуы мүмкін:



12 Сурет - Байланыс үшбұрышы

а) Егер салбыр ауытқуы елеусіз және теодолиттың көру дүрбісінің биссектор торының аймағынан алшақ шықпаса, онда соңғы нәтижеге $\gamma_{\text{озг}}$ қолданылып, яғни теңдеу құрмайды;

б) Ауытқу мәні елеусіз болса

$$\gamma_{\text{опт}} = \frac{2\gamma + (\lambda - \omega)}{3}; \quad (2.7)$$

в) Көбінесе келіспеушілікті бірдей екі бөлікке бөліп теріс мәнінен бұрышқа береді

мысал, $\Delta \gamma = \gamma_{\text{озг}} - (\lambda - \omega) = +15''$, одан $\Delta \gamma_i = -\frac{15''}{3} = -5''$.

Жақындау нүктесіндегі бұрыштың мәні

$$\gamma_0 = +\gamma - 5'', \quad \lambda_0 = -\lambda - 5''.$$

Сызықты өлшеулердің дұрыстығын жер бетіндегі және жер асты қосалқы үшбұрыштың бірегей жағымен қоса косинустар формуласымен анықталады.

$C_b^2 = a^2 + b^2 - 2ab \cos \gamma_0$ - жер бетіндегі үшбұрыш,

$(C'_b)^2 = (a')^2 + (b')^2 - 2a'b' \cos \gamma'_0$ - шахтадағы үшбұрыш.

$$\gamma < 5^\circ C_b = (a - b) + \frac{ab(1 - \cos \gamma_0)}{a - b}, \quad (2.8)$$

кезінде болса, онда а – бұрыштың үлкен жағы.

Қолдану бойынша өткізгіш:

$C_{\text{изм}} - C_b \leq 3 \text{ мм (беткейге);}$

$C'_{изм} - C'_b \leq 5 \text{ мм (шахтада).}$

Далалық жұмыстар кезінде бұрыштың өлшемдері мен қосалқы үшбұрыштардың ұзындықтардың дұрыстығын қадағалайды.

Салбырлар бойынша бұрыштар есептеледі.

$2^\circ < \gamma < 20^\circ$ болса, шелуетор формуласы бойынша:

$$\frac{\sin A}{a} = \frac{\sin B}{b} = \frac{\sin \gamma_0}{c} \quad (2.9)$$

Бұрыштық келіспеушіліктік үшбұрыштарда $\angle A$ және $\angle B$ есептеу бұрышта, қайтымды белгімен жартылай анықталады.

Егер $f_\beta = (\angle B + \angle B + \gamma_c) - 180^\circ$, онда $\delta_\beta = -\frac{f_\beta}{2}$,

Одан $\angle B_0 = \angle B + \delta_\beta$ және $\angle B = \angle B + \delta_\beta$.

Үшбұрыштағы теңдеу бұрыштарының жалпы саны $\angle B_0 + \angle B_0 + \gamma_0 = 180^\circ$ болуы керек.

Дирекционалды бұрыш берілуі беткейден шахтаға әдеттегі жалпы бетке екі бағытпен теодометтік жүріспен схема бойынша бөлінеді.

Мысалы:

$$\alpha_{(C'D')} = \alpha_{(CD)} + \omega_0 - 180^\circ - \angle B_0 + 180^\circ - \angle A'_0 + 180^\circ - \angle A'_0 + 180^\circ$$

Жер асты түсірісінің бірінші нүктесінде координаталар дирекционды бұрыштар бағытымен беріледі.

$$X_{C'} = X_C + \Delta X_C^B + \Delta X_B^A + \Delta X_{A'}^{C'} \quad (2.10)$$

$$Y_{C'} = Y_C + \Delta Y_C^B + Y_B^A + \Delta Y_{A'}^{C'} \quad (2.11)$$

Сонда координаттар өзгерісі:

$$\Delta X_C^B = CB \cos \alpha_{(CB)}, \Delta X_B^A = BA \cos \alpha_{(BA)},$$

$$\Delta Y_C^B = CB \sin \alpha_{(CB)}, \Delta Y_B^A = BA \sin \alpha_{(BA)} \text{ және т.б.}$$

Бағдарды тексеру: Жұмыс қайталануы, нәтижесінде екі мән $\alpha_{(C'D')}$ алынады. ережеге сәйкес:

$$\alpha_{(C'D')_1} - \alpha_{(C'D')_2} \leq 3' \quad (2.12)$$

Геометриялық әдістер бағдары тікелей деңгей арқылы бұл әдіс ең қарапайым және дәл. Барлық қалған әдістер деңгейде ыңғайлы қосылысты үшбұрыштар құралмаса ғана құралады.


Бағдар анықтығы үшбұрышты байланыс тіктеуіш жоғарлатуға болады:

- Үшбұрыш формасын сүйір бұрышты ыңғайлы жолмен тудыру;

- Тіктеуіш арасындағы қашықтық жоғарлауы кезінде;
- Таулы өнімнің бағдар уақытында желдеткіш өшіру есебінен ауаны ағын жылдамдығының азаюы кезінде.

2.2.2 Биіктік шамасын беру кезіндегі өндіріс алаңындағы маркшейдерлік жұмыстар

Метрополитен құрылысы кезінде маркшейдерлік қызметке өндірістік алаңда әртүрлі күрделі жұмыстар орындау керек болады. Бұл жұмыстар алаң жобалауымен және оған түрлі түрдегі өндірістік үйлер салуымен байланысты. Түрлі жұмыстар орындау үшін жобалы құрылыс шығару үшін беткейде геодезиялық тор нүктелері, берілген жоба, құрылыстың басты жобасы қолданылады. 13- суретте берілген жоғары белгімен репер шығымы және құрылыс жұмыс схемалары көрсетілген.



13 Сурет – Құрылыс үйін тұрғызудағы маркшейдерлік жұмыстар

Құрылыстардың өндірістік деңгейде орналасуы жобасымен анықталған. Ғимарат ортасы (О нүктесі) ның координатасы, құрылыстың негізгі осінің дирекциалдық бұрышы (α_0) және құрылыс контурларының сызықты өлшемдері берілген

Осындай құрылыстың шығымы бойынша маркшейдерлік жұмыстар төмендегідей болады:

(АВ) жүйесімен теодолиттік жүріс және жақын жерде келешектегі құрылыста n нүктесі қойылады. Жүрісін есептеу нәтижесінде $\alpha_{(mn)}$ және x_n, y_n анықталады.

А - шынайы үй осінің шығымы;

Б - шынайы берілген жоғары белгінің шығымы.

Проектіден α_0 және x_0, y_0 біле, ал түсірістен x_n, y_n және кері геодезиялық тапсырма шешіп, түрлі дирекциондық бұрыштарда белгіленетін β және γ бұрыштарын табады.

Одан әрі О нүктесі – үй орталығын шығарады, ал содан соң үйдің осін бөліп бекітеді. Остерді ереже бойынша аз дегенде екі тұрақты репермен, құрылыс жұмыстарынан алыс бекітіледі.

Жеке репер жағдайларында ғимарат қабырғасында, мысалы, деңгейдің осьті репері және сонда бұл репердің жоғары белгілеріндегі сұрақтың туындауының бекітілуі, басқа жағдайларда ғимаратқа проектілі жоғары белгілі нүкте шығаруды қажет етеді.

Жақын жоғары K_{PD} реперінен ГИ құралының горизонтын $L = ZP_{PD}$ -ГИ мөлшерін анықтайды. (R_{PM} - проектілі жоғары нүкте белгісі).

Проектінің көшірілуі үшін және жер асты өндірудің қамтамасыз етілуі және профилде жоғары негіз тоннельдері пайда болады. Жерасты жоғары негіз пайда болуы келесі жолмен орындалады:

- а) Беткейден жерасты өндіруіне белгілердің берілуі;
- б) Өндірулерде нивелирлі жүрістің, тоннельдің және басқа құрылымды үйлердің құрамдары.

